



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



АЗАМАТТЫҚ АЛЫАНС –
Үкіметтің стратегиялық серіктесі

2

САЯСАТ



СОЙЫ БӨЛЕК СОЙҚАН

3

МӘСЛИХАТ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Алматының 2025 жылға дейінгі даму жоспары негізінде жыл сайын 3 денешынықтыру-сауықтыру кешендерін салу жоспарланған

Алматы қаласы Мәслихатының мәжіліс залында Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі комиссияның отырысы өтті.



Досбол АТАЖАН

Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі комиссияның талқылауына осы жылдың 9 айында спорт саласында атқарылған жұмыстардың нәтижесі арқау болды. Күн тәртібіндегі мәселе жайлы алдымен Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Ерден Хайруллин баяндама жасады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қалада бұқаралық спортқа жағдай жасау – әкімдік жұмысының басым бағыттарының бірі. Биыл осы бағытта 2350 спорттық іс-шара өткізілді, оның 35-і ірі жиындар болды. Сондай-ақ, жыл соңына дейін көркем гимнастикадан әлем чемпионатын, қаратәден Азия чемпионатын өткізуді жоспарлап отырмыз. Республика күніне орай жүзден қалалық жарыс ұйымдастырамыз, оған қазірдің өзінде 90 адам тіркеліп үлгерді. Президент тапсырмасы және қаланың 2025 жылға дейінгі даму жоспары негізінде жыл сайын 3 денешынықтыру-сауықтыру кешендерін салып отыру жоспарланған», – деді Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Ерден Хайруллин.



Баяндамадан кейін жиналысқа қатысқан комиссия мүшелері мен қоғам белсенділері Спорт басқармасының басшысына бірқатар сұрақтар қойды. Атап айтқанда, денешынықтыру-сауықтыру кешендерін салудың стандарттары мен сапасы, бұқаралық спортты дамыту, спорт мектептерін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, халықаралық

деңгейдегі кәсіби спортшыларды дайындау, су полюсі мен көгалдағы хоккей сынды спорт түрлерін жандандыру және өзге мәселелер талқыланды. Кездесу соңында Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев Спорт басқармасының өкілдерін ашықтыққа және өзара бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №126 (6419) 21 қазан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЖҰМЫС САПАРЫ

САПА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев екі аудандағы инженерлік коммуникациялар деңгейін тексерді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Тұрғындар талабы – басты назарда. Жетісу мен Алатау аудандарындағы бірнеше нысанды аралап көрген шаһар басшысы алматылықтардың талап-тілектеріне орай қолға алынған жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігін бағалады.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

21.10.2023

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

22.10.2023

Түнде:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ҚАЗАҚСТАН – ШЫҢЖАН

өзара сауда-саттық мәселесінде өңірлік ынтымақтастықтың мәні зор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында, Үрімжі қаласында ҚКП ОК Саяси бюросының мүшесі, ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы Ма Синжуймен кездесті.

Мемлекет басшысы сауда, өнеркәсіп, көлік, логистика, ауыл шаруашылығы және туризм сияқты көптеген бағыт бойынша Қазақстанның Шыңжаңмен арадағы қарым-қатынастарының нәтижелерін жоғары бағалады.

– Қазақстанның Шыңжаңмен өзара сауда-саттық мәселесінде өңірлік ынтымақтастықтың қолданыстағы механизмдерінің мәні зор. Менің ойымша, оларды дұрыс пайдалана білсек, айтарлықтай ілгерілеуге болады. Қазақстан сіздің аймағыңызға жеткізілетін өнім түрлерін ұлғайтуға дайын. Атап айтқанда, металлургия, мұнай химиясы, машина жасау, тамақ өнімдерін, сондай-ақ құрылыс материалдарын экспорттай аламыз. Ал агроөнеркәсіп және азық-түлік секторындағы ықпалдастыққа келер болсақ, бұл бағыттағы әлеуетіміз зор. Қазақстан Қытай нарығына экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін тұрақты жеткізе алады деп санаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші



теміржол өткелін салудың маңыздылығына назар аударды. Президент осы жобаны іске асыруға жақын арада кірісуге болады деп есептейді.

Сауда-экономикалық байланыстардан бөлек, су саласындағы ынтымақтастықты дамытудың және трансшекаралық өзендерді пайдаланудың маңызды екені атап өтілді. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев туризм саласына айрықша тоқталды.

– Туризм саласындағы ынтымақтастықтың келешегі зор. Қазақстанның бұл бағыттағы мол

әлеуетін ескере отырып, жақында Туризм және спорт министрлігін құрдым. Біз Қазақстанға саяхаттайтын қытайлық туристер саны артады деп үміттенеміз. Үкіметіміз елдегі туризм саласын дамытуға бар күш-жігерін жұмсайды. Сонымен қатар, Қытайда келесі жыл қазақ туризмінің жылы болып жарияланды. Әрине, біз отандастарымыздың сіздің елмен және оның әсем табиғатымен, әлеуметтік-экономикалық даму жетістіктерімен танысуы үшін Қытайға саяхаттап баруын қолдаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан мен Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының тарихи-мәдени, гуманитарлық байланыстарының мәні мен маңызына да назар аударды.

Өз кезегінде Ма Синжуй Қазақстан Президентінің Шыңжаңға сапарын тарихи оқиға ретінде бағалап, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының басшылығы біздің елмен арадағы ынтымақтастықты кеңейтуге және тұрақты байланысты сақтауға мүдделі екенін жеткізді. Екі ел басшыларының келіссөздері барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жү-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ – 8,5 МИЛЛИАРД ДОЛЛАР

Қазақстанның шекаралас төрт облысы мен Шыңжаң өлкесі арасында тығыз байланыс орнаған. Қазақстанның Қытаймен сауда-саттығының жалпы көлемі бойынша Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының үлесі 40 пайыздан асады. Бұл ретте еліміздің Шыңжаңмен тауар айналымы биылғы жартыжылдықта 87 пайызға өсіп, 8,5 миллиард долларды құрады.

зеге асырудың маңыздылығын, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» форумында көтерілген бастамалардың мәні зор екенін айтты.

– Біз ауыл шаруашылығы, трансшекаралық сауда, энергетика салаларына баса мән бере отырып, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтамыз. Сонымен қатар, ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары және кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынасты жолға қоямыз. Қазақстанға немесе Шыңжаң өлкесіне инвестиция құйып, бизнес ашуды көздейтін бірлескен кәсіпорындарды ынталандырамыз, – деді Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы.

Кездесу соңында Қазақстан Президентінің Шыңжаң өлкесіне сапары аймақаралық ынтымақтастықтың одан әрі нығаюына ықпал ететіні атап өтілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АЗАМАТТЫҚ АЛЬЯНС –

Үкіметтің стратегиялық серіктесі

Астанада өткен «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін – азаматтық қоғам дамуының басты бағыты» атты XI Азаматтық форум барысында инклюзия және кедергісіз қоғам құру мәселелері талқыланды.

Пленарлық отырысқа ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының Тұрақты өкілі Катаржина Ваверниа, ҰЕҰ көшбасшылары, қоғамдық кеңестердің төрағалары, Парламент депутаттары қатысты.

ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

«Республика күні қарсаңында өтіп жатқан Азаматтық форум мемлекетіміз үшін ерекше маңызды, мемлекеттің сенімді серіктесі болып табылады және Мемлекет басшысының қоғамды жаңғыртудың жаңа бағытын іске асыруға үлкен үлес қосуда. Соңғы үш жылда біз азаматтық бастамаларды дамыту саласындағы маңызды міндеттердің, соның ішінде Президент қойған міндеттердің көбісі Азаматтық форум алаңында шешілетініне куә болдық. Олар бірқатар стратегиялық құжаттар мен жеті заңның қабылдануына негіз болды.

Бүгінде «инклюзияны» дұрыс түсіну мәселесі өте өзекті. Мүмкіндіктері шектеулі жандарға басқа адамдардың қалай қарайтыны маңызды. Біз бұл жерде жай ғана қолдау көрсету туралы айтып



отырған жоқпыз. Біз толыққанды және ешқандай кедергісіз азаматтық қоғам туралы айтып отырмыз. Бұл бағыт бойынша, Президенттің қолдауының арқасында, үкіметтік емес сектор белсенді түрде жұмыс жүргізіп жатыр», – деп атап өтті Аида Балаева.

Сондай-ақ, ол Қазақстанның Азаматтық Альянсы – Үкіметтің стратегиялық серіктесі және қоғам мен мемлекет мүддесі үшін, елдегі экономикалық реформаларды ілгерілету үшін қазақстандық ҰЕҰ жалпыұлттық желісінің үйлестірушісі болуға дайын екенін білдірді. Осы орайда, министр «Азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша бірінші кезектегі шаралар Жоспарын» табысты түрде іске асыруды атап өтіп, адам құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды одан әрі ілгерілетудің маңыздылығын айтты. Бұл – мемлекеттің елеулі өзгерістерге дайын екенін көрсетеді.

XI Азаматтық форум жұмысына қатысқан Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың форум

қатысушыларына арналған құттықтау сөзін оқып берді.

«Жиырма жыл ішінде бұл форумның тиімділігі мен қажеттілігі дәлелденіп, салмақты ойлар мен саликалы пікірлер айтылатын алаңға айналды. Осында көтерілген жасампаз бастамалар мен ұтымды ұсыныстар азаматтық қоғамды дамытуға және жалпыұлттық келісімді нығайтуға тың серпін береді. Үкіметтік емес ұйымдар және қайырымдылық қорлары, белсенді азаматтар мен еріктілер ел тағдырына бей-жай қарамай, қоғамның өзекті мәселелерін шешуге барынша атсалысып жүр. Оларын ынтымақтастық пен нағыз отаншылдықтың озық үлгісін танытып, еліміздегі бірлік пен татулықты сақтауға зор үлес қосып келеді. Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды өзгерістер қоғамда жаңа этика қалыптастыруды талап етеді. Осы орайда әділдік пен гуманизм, өзара сенім мен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен білімпаздық жаңа этиканың өзегі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Президент тапсырмасы:

КЕДЕРГІСІЗ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУ

Қазақстанның XI Азаматтық форумы Астанада 600-ден астам адамды, оның ішінде Орталық Азия елдерінен келген делегаттардың басын қосты. Екі күн бойы азаматтық қоғам белсенділері, ҰЕҰ көшбасшылары, мемлекеттік органдар мен бизнес-қоғамдастық өкілдері ел дамуының және жаһандық сынқатерлерді еңсерудің өзекті мәселелерін талқылады. Барлық идеялар мен ұсыныстар Жалпыұлттық бірыңғай жоспарға енгізілетін болады. Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша кедергісіз азаматтық қоғам құру туралы шаралар қабылданауда.

болуға тиіс», делінген Президент құттықтауында.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет пен үкіметтік емес сектордың тығыз ынтымақтастығы елімізді жан-жақты дамытуға ықпал етіп, Әділетті Қазақстанды құруға жол ашатынына сенім білдірді.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР

барлық маңызды бастамалар драйвері

Мәжіліс Спикері Президенттің бастамасымен елімізде мемлекеттік билік институттарын жетілдіруге және азаматтық қоғамның дамуына бағытталған реформалар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Ол үкіметтік емес ұйымдар Мемлекет басшысының барлық маңызды бастамаларының драйвері және елдегі демократиялық өзгерістердің баянды болуының кепілі болуға тиіс екенін атап өтті. «Президент азаматтық қоғамды мемлекеттің ең өзекті міндеттерін талқылауға тарту қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Сондықтан біздің мақсатымыз – қоғамды толғандыратын барлық

пікірталастарды Парламент қабырғасында талқылау. Мәжіліс жанында үкіметтік емес ұйымдар, сарапшылар мен ғалымдарға түрлі мәселе бойынша өз ұстанымдарын таныстыруға мүмкіндік беретін Қоғамдық палата жұмыс істейді. Отырыстардың бірін еліміздегі азаматтық секторды дамытуға арнаған жөн деп санаймын», – деді Мәжіліс төрағасы.

Мәжілісте заң шығару жұмысы барысында қоғамдық пікір ескерілетінін айтқан Палата спикері мысал ретінде азаматтарға мемлекет басқару ісіне қатысуға жаңа мүмкіндіктер беріп, петициялар институтын енгізген Қоғамдық бақылау туралы заңның қабылданғанын атап өтті. Мәжіліс төрағасы барлық заң шығару процесінің ашықтығы бүгінде депутаттар жұмысының басты принципі және онсыз қоғамның сеніміне қол жеткізу мүмкін емес екеніне назар аударды. Сонымен қатар, азаматтық белсенділерді Мәжілістің заң шығару жұмысына атсалысуға шақырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.parlam.kz).



БАЙЫПТАМА

Еурокомиссия:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

X (Twitter), Meta, TikTok онлайн-платформаларында жалған ақпарат тарауы мүмкін

ХАМАС пен Израиль арасындағы қарулы қақтығыс Таяу Шығыстағы онсыз да күрделі жағдайды одан сайын шиеленістірді. Палестиналық ислам қозғалысының Израильге шабуылы, кейін Израильдің жауабынан 1000-нан аса адам мерт болды. Бұл қайғылы жағдай тек аймаққа ғана емес, әлемнің басым бөлігіне әсер етті. Араб елдерінде, Еуропаның бірқатар елдерінде, АҚШ-та Палестинаны қолдаған наразылық акциялары өтті. Еуропада, АҚШ-та Израильді қолдап, наразылыққа шыққандар да жеткілікті. Демек, алыс болса да Таяу Шығыстағы жағдай әлемнің кез келген түкпіріне әсер етуде. Қоғамдық пікірді әлеуметтік желілер қалыптастыруда.

АЛДЫМЕН ВИДЕО
БОЛҒАН...

Адамзатқа жаратушыдан түскен 4 кітаптың бірінде «Алдымен сөз болған» деп басталады. Ежелгі грек философы Платон «идея» мәңгілік өмір сүреді деген. Философтың ойынша оған уақыт пен кеңістік шектеу емес. Бұл пікірлердің шынайы екеніне қазір көзіміз жетіп отыр. Десе де, заман өзгерді. Төртінші өндірістік революция цифрлық әлемге жол ашты. Бұл әлемде сөз емес, видео контент алдыңғы қатарға шықты.

Видео контенттің пайда болуы кино индустриясымен байланысты. Үнсіз фильмдерді көріп, ондағы актерлер мен режиссердің не айтқаны келгенін түсінеміз. Чарли Чаплиннің фильмдерін еске түсірсек жеткілікті. Ал ХХІ ғасырда әлеуметтік желілердің қарыштап дамуы бұл үрдісті күшейтті.

Газетіміздің №81 санында:

«Франциядағы наразылық: әлеуметтік желі отқа май құйды» атты тақырыпта сараптамалық мақала жариялаған едік. Оған 17 жасар Наэль есімді жасөспірімнің өлімі себеп болды. Биыл 27 маусымда Францияның Нантер қаласында наразылық оты тұтанған болатын. Сол кезде әлеуметтік желі отқа май құйды. TikTok пен Snapchat онлайн-платформаларында полицияның жасөспірімге оқ атқан видеосы тарады. TikTok-ты жиі қолданатын жасөспірімдерге бұл қайғылы оқиға қатты әсер етті. Тек Франция ғана емес, оған көрші елдердің жастары наразылық акцияларын ұйымдастырды. Себебі, қаза болған Наэльдің тегі мигрант еді.

Мұндай жағдай ХАМАС пен Израиль арасындағы қарулы қақтығыста қайталанды. Әлеуметтік желілерде тараған жалған ақпарат пен видео контент араб әлемінен келген Еуропадағы мигранттардың



наразылығын тудырды. Олар Париж, Лондон, Берлин, Будапешт, Барселона сияқты қалаларда палестиналықтарды қолдап наразылыққа шыққан. Сонымен қатар, Израильді қолдаған акциялар да өтті.

Жалған ақпарат пен видео контент ең бірінші X (бұрынғы Twitter) платформасында тарады. Тіпті платформаның басшысы Илон Масктың өзі 8 қазанда қолданушыларды тек фактіге сүйенуді өтінді. Ал 12 қазанда онлайн-платформа жалған ақпарат таратуы мүмкін деп Еурокомиссия ресми хат жолдады. Бұл хат тергеудің басталуына түрткі болуы мүмкін. Енді 19 қазанда мұндай күдікке Meta (Instagram, Facebook), TikTok та ілінді. Ресми өкілдерге ресми хат жолданды.

ЕО ӘЛЕУЖЕЛІНІ
РЕТТЕМЕК

X (Twitter), Meta, TikTok миллиондаған қолданушысы бар онлайн-платформалар. Олардың жұмысын ретке келтіру жайлы бастама 2020 жылы көтерілді. Еуропалық комиссия 15 желтоқсанда

Цифрлы қызмет жайлы заң жобасын Еуропалық парламент пен Еурокеңеске ұсынды. Digital Services Act немесе қысқаша DSA деп аталатын заң жобасы онлайн-платформалардағы жалған ақпаратпен күресу және де ақпаратты тұтынушы мен платформаны қолданушы жеке әлде заңды тұлғаның құқығын қорғау мақсатында жасалған еді.

Ұзақ уақыттан кейін биыл 25 тамызда заң қабылданып, күшіне енді. Енді ірі онлайн-платформалар құқыққа қайшы ақпарат тарату, өшпенділікті, жалған ақпарат пен коммерциялық алаяқтықты таратқаны үшін заң алдында жауап береді. Бастапқыда заң жобасын ұсынушылар ресейлік үгіт-насихатқа тосқауыл қою үшін мұндай қадамға барғанын жасырған жоқ. Сондықтан тек онлайн-платформаларды реттеу емес, геоцифрлық саяси текетірістен қорғану үшін де осы заң қабылданды.

Енді қандай ірі платформа болмасын заңды бұзса, Еуропалық сот алдында жауап береді. Заң алғаш рет қазан айында X (Twitter), Meta, TikTok сияқты платформаларға қолданылды. Алайда, әлемде мұндай мысалдар жеткілікті. Бір ғана АҚШ-тағы Facebook-тің негізін қалаушы Марк Цукербергке де қатысты соттар өткенін айтсақ болар.

ҚАЗАҚСТАН ДА КӨШТЕН
ҚАЛМАЙДЫ

2021-2022 жылдары азаматтық қоғамды балаларды қорғауға қатысты заңға өзгерістер енгізу туралы бастама дүрілдірді. Ел арасын-

да «Сарым-Закиева» деп аталып кеткен өзгерістер бойынша әлеуметтік желілерге шектеу қою қарастырылған еді. Қүзіретті орган интернет-ресурстарды, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің жұмысын тоқтатуға шексіз өкілеттік алуы мүмкін еді. Алайда, қоғамдағы даудан соң Сенат бұл норманы өзгерту керек деп Мәжіліске жіберді. Бұл өзгерістен соң былтыр 3 мамырда Мемлекет басшысы заңға қол қойды.

Биыл 10 шілдеде «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң қабылданды. Заңның мақсаты – онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің, сондай-ақ онлайн-жарнаманы жасаудың, орналастырудың, таратудың және сақтаудың, құқыққа қайшы контентті болғызбаудың және оның жолын кесудің құқықтық негіздерін айқындау. Сондай-ақ, заңның басты ерекшелігі мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейеді. Десе де, азаматтық қоғамның заңға қатысты көкейдегі күмәнін түсінуге болады. Заң шынайы жұмыс істеуі үшін еліміздегі Сот жүйесі мен құқық қорғау саласы Еуропалық Одақтағы деңгейде жұмыс істеуі тиіс.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



САРАПТАМА

Израиль–Палестина қақтығысы:

СОЙЫ БӨЛЕК СОЙҚАН

Таяу Шығыста тұтанған от Газаның қабырғасынан қарғып өтіп, тұтас аймаққа ауа жайылып кету қаупінде тұр. Қақтығыс күн өткен сайын өршіп бара жатқандай. Израильге тосын шабуыл жасап, ауқымды ұрысты бастаған ХАМАС тұтас Палестинаға өкілдік етпесе де, ұдайы шиеленісіп келе жатқан тарихи дау үшқыны қайта лаулап жанды. Ал Газадағы емханаға түскен зымыран қызып тұрған қазанға май құйғандай, мәселені тіпті ауырлатты. Израиль–Палестина арасындағы ауық-ауық бүрк ете бастатын қақтығысқа әлемнің еті үйренген. Бірақ кезекті сойқанның сойы бөлек. Орта Шығыстың әр түкпіріндегі исламшыл қозғалыстар, қарулы топтар ХАМАС ұйымына қосылып, Израильді нысанаға алуы мүмкін. Бұндай қауіптің бар екенін Тель-Авив те мойындап отыр. Сонымен, әлем көз тіккен аймаққа қатысты хабар-ошар, ақпараттарға және бір шолу жасап көрелік.

ЖАНЖАЛДЫҢ
АЙМАҚҚА ЖАЙЫЛУ
ҚАУПІ БАР...

Жанжалға аймақтағы басқа елдер де араласып кетуі мүмкін деген қауіп күшті. Газадағы емханада болған жарылыстан кейін Израильдің қарулы қарымта шабуылына деген наразылық өршіді. Жарылыста қанша адамның көз жұмғанына қатысты деректер әртүрлі. Әу баста 500 шамасындағы адам бір мезетте мерт болғаны жайында мәлімет тараған. Израиль тарапы бұл қырғыншылықтың өздеріне қатысы жоқ екенін, зымыран шабуылы тағы бір исламшыл қозғалысқа тиесілі деп мәлімдеді. Бірақ нақты жауабы әлі де жоқ. Емханада басым көбі бейбіт тұрғындар, аурулар, шабуылдан жан сауғалап тығылған әйелдер мен балалар болған. Бір уақытта сонша көп бейбіт азаматтардың қанға бөгіп қалуы аймақтағы мұсылман қауымының ашу-ызасын тудырды. Иорданияда, Батыс жиектегі палестиналықтар арасында, Иранда, Мысыр, Ливия,

Сирия және Түркия сынды елдерде наразылық шерулері қатарынан бірер күн жалғасып жатыр. Тіпті, бұл оқиғадан кейін АҚШ-ты қамтыған бірқатар батыс елдерінде де Израильдің қарулы шабуылдарын айыптаған демонстрациялар болды.

Дәл осы оқиға Израильге қарсы аймақтағы наразылыққа тұздық болды. Әрі еврей мемлекетіне деген қарсылық қарқынды түрде кеңейіп барады. Израиль қорғаныс министрлігінің өзі аймақтағы өзге қарулы топтардың шабуыл қаупінің күшейгенін айтты. Кеше Таяу-Шығыстағы ВВС тілшісі Санам Вакил жасаған хабарында жағдайды: «Тұтас аймақ қандай да бір оқиға болып кетеді деп күтіп тұрғандай. Аймақта тұрақсыздық анық байқалады. Тіпті, шиеленісті бәсеңдету үшін арнайы каналдар қосыла бастады», – деп бағалады. Бұның өзінен көп нәрсені ұғынуға болады. Қазір байқап отырғанымыздай, аймақтағы ең ірі ойыншылар Иран, Түркия, Сауд Арабиясы сынды ел-



дер өзара қоңырау соғып, мәселені талқылай бастады. Әңгіме ауаны жанжалдың аймаққа жайылып кетуінің алдын алу бойынша болып жатыр. Десе де, жағдай бақылаудан шығып кету қаупі осы әрекеттермен қатар дамып жатыр.

СОҒЫСҚА КІМДЕР
АРАЛАСУЫ МҮМКІН?

Қазіргі жағдайға қарағанда, аймақтағы елдердің ешқайсысы тікелей соғысқа араласқысы жоқ. Бірақ ұзақ уақыттан бері тұрақсыздық жайлаған Орта Шығыста түрлі қарулы топтар, радикал ұйымдар да әрекет етіп келеді. Әсіресе, Сирия мен Ирак жерлерінде бұндай топтар белсенді. Олардың әрқайсысының сүйенген «иесі» бар. Бірін Түркия, бірін Иран, тағы бірін АҚШ, енді бірін Катар дегендей сыртқы ойыншылар қолдап отыр. Түрлі күштер ықпал ететін, әрі түрлі мақсаттағы бұл ұйымдардың басым көбі радикал сипатқа ие, әрі діни идеологияға құрылған. Сондықтан антиссионистік бағытта ортақ мақсат туындап жатса таңқалуға болмайды.

Иранның кейбір ресми тұлғаларының өзі аймақтағы қарулы топтардың Израильге қарсы ХАМАС-пен бірігіп кетуі ықтимал екенін айтқан. Айталық, ИИР СІМ басшысы «Қарсылық көрсету ұйымының» лидерлері еврей күштерімен бетпе-бет ұрысқа дайын екенін мәлімдеген. Бұл қатарда көп елдің баса мән беретіні Иранның тікелей қолдауына ие «Хезболла» тобы. Ливанда салыстырмалы қуатты күшке ие бұл топты көптеген Батыс елдері террорлық ұйым ретінде таныған. Биыл жыл басында олардың Иран жерінде әскери жаттығудан өткені туралы да мәліметтер шығып еді.

Иран Ислам Республикасы өзінің Израильге қарсылығын жасырған емес. Мұсылмандар танымындағы Құдыс қаласының орнына қатысты ең батыл ұстанымын көрсетіп жүрген елдің бірі де осы Иран. Палестина мен Израиль ортасындағы кезекті қақтығыс әу баста Иранды соғыс алаңына тарту үшін ірі күш орталықтарының жоспары деген де болжамдар айтылған. Әрине, Иранның соғыс қимыл-

дарына тікелей болмаса да жанамалай араласып, Орта Шығыстың жанжал батпағына бата түсуі оның аймақтағы және әлемдегі стратегиялық бәсекелестері үшін тиімді. Алайда, қазіргі жағдайда Иранға бұндай жанжалға араласу тиімсіз. Өзі болмаған күнде де қолдау көрсеткен топтарының ұрысқа араласуы да аймақтағы ықпалды күштердің арасындағы теңгерімге әсер етуі мүмкін.

ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫН
МАЙДАН

Әлемнің ниеті айнып, жаһанның жүзі құбылып тұрғанда Құдыс маңында қақтығыстың басталуы қай жағынан да жақсылықтың нышаны емес. ХАМАС шабуылынан кейін Израиль премьер-министрі Беньямин Нетаньяхудың жасаған мәлімдемесі де кісіні ойландырады. Ол сол кезде жағдайды соғыс деп бағалады, әрі бұл соғыстың ұзаққа созылатынын айтты. Расында да, мүдделі барлық тараптың іс-әрекеттері, үрдістің даму бағыты қақтығыстың біз күткеннен ұзаққа созылатынын хабар береді. Бұл шын мәнісінде Украинадан кейін ашылған әлемдегі екінші үлкен соғыс алаңы. Қатпары қалың оқиғаның ең түпкі астарында тағы да сол жаһандық тәртіпті қайта құрудағы ірі күштердің бәсекесі жатыр. Бұндай ауқымды мүдде таластарында ең жаманы – зардабын қарапайым халық тартады. Соңғы толықталмаған деректерге қарағанда, бар болғаны 45 шаршы шақырым аумақтағы Газада 3 мыңнан астам адам көз жұмды. Қақтығыс ұзаққа созылатын болса, Газа секторы қабырыстанға айналуы да ғажап емес. Ғасырларға созылған әрі қайталанбалы қайшылық қашан нүктесіне жетеді, ол да белгісіз.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.





ЖҰМЫС САПАРЫ

САПА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев екі аудандағы инженерлік коммуникациялар деңгейін тексерді

(Басы 1-бетте)

«Халық қатысатын бюджет»: 40 жоба жүзеге асырылып жатыр

Алдымен «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан Райымбек даңғылындағы жаяу жүргіншілер көпірінің жөндеу барысын көрді. Көпірдің жабындысы мен баспалдағын тексеріп, қала тұрғындары үшін құрылыстың сапасы мен қауіпсіздігі маңызды екенін айтты. Жалпы ұзындығы 50 метр болатын көпір құрылысы Жетісу және Алмалы ауданын жалғайды. Көпір 70-жылдары салынып, жүк вагондары үшін тұйық ретінде қолданылған, кейін жаяу жүргіншілер жүре бастады.

Жетісу ауданының әкімі Гүлнәр Көкебаева «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жақын маңдағы үйлердің тұрғындары өткелді жөндеуге бастамашы болғанын жеткізді. Көпірдің Райымбек даңғылында екенін ескерсек, бұл ұсынысты дауыс беру кезеңінде ауданның басқа тұрғындары да қолдаған. Жөндеу жұмыстарын «Lux-stroy Group» ЖШС мердігерлік ұйымы биыл 1 қыркүйекте бастады, жоба құны – 45 млн теңге. Қазір қауіпті қоршау жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін берік қоршауға ауыстырылды, рельстер сақталып, гүлзарлар үшін пайдаланылды. Жақын аумақты көгалдандыру аясында 9 туя мен 65 арша отырғызу кезделген. Жұмыс осы жылдың 1 қарашасында толық аяқталады.

Қала әкімі аудан тұрғындарына ыңғайлы болу үшін Бөкейханов көшесіне параллель жаяу жүргіншілер аймағын ұзартуды тапсырды. Бұл ретте қауіпсіздік толық көлемде қамтамасыз етілуі керек екенін атап өтті. Шаһар басшысы аудан әкіміне жарықтандыруды жолға қоюды, жол төсемін ретке келтіріп, өткелді мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлауды тапсырды.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша биыл Жетісу ауданында 40 жоба жүзеге асырылып жатыр. Соның ішінде аулаларды, гүлзарлар мен саябақтарды абаттандыру және т.б. жобалар бар. Барлық жобаны биыл қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарға енген.

Жеті жылға созылған инженерлік желі: мәселе шешімін тапты

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында «14-ші аумақ» ықшамауданының тұрғындарымен кездесті. 7 жылдан бері осы ықшамауданда аяқталмай келе жатқан инженерлік желілерге қатысты мәселе қозғалды.

«Быттыр менің алғашқы жұмыс сапарым сіздерден басталды», – деп еске салды қала әкімі. Ерболат Досаев Алматы қаласының әкімі лауазымына тағайындалғаннан кейін алғаш рет осы ықшамауданға барған еді. «14-ші аумақ» тұрғындары қала басшысына алғысын білдіріп, оның тапсырмасы бойынша инженерлік желіге қатысты мәселелердің шешіле бастағанын атап өтті.

«Инженерлік желілерді салуға байланысты жұмысты жеделдетеміз, ауа райы жол жабыны бойынша жұмыстарды аяқтауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, біз бәрін 30 қарашаға дейін аяқтаймыз деп үміттенеміз. Аудан әкімдігі тротуарлар бойынша маған сіздермен кеңесіп отырғандарын айтты. Кейде барлық жұмыс аяқталған кезде тұрғындар түзетуді сұрайды. Абаттандыру аясында аталған өкілеттіктер аудан әкімдеріне берілді, біз олардың бюджетін көбейттік. Олар қазірдің өзінде шешім қабылдауда. Мен қадағалаймын», – деді шаһар басшысы. Алматының «14-ші аумақ» ықшамауданындағы 5 мың тұрғынды сумен қамтамасыз етудің жеті жылдық мәселесі шешілді.

«14-ші аумақ» тұрғындарын толғандырған тағы бір мәселе – көшені жарықтандыруға қатысты жұмыстар да қолға алынған. Ерболат Досаев Алматы әкімдігі жеке серіктеске қатысты сотта жеңгенін айтты. «Біз ақыры бірінші сатылы сотта жеңдік. Мердігер апелляциялық шағым түсіруі мүмкін. Жарықтандыру



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

мәселесі міндетті түрде шешіледі», – деді. Сыртқы жарықтандыру жұмыстарын жүргізу бойынша қаражатқа қатысты мәселені мердігермен тікелей келісім-шартты аудан әкімдігі жасамақ. Бұл тұрғындардың осы мәселе бойынша өтінімін іске асыруды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Бұған дейін 2018 жылы Алматы әкімдігі мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан үш компаниядан тұратын консорциум («ABM-Building 2007» ЖШС, «Электрремонт» ЖШС және «ABM-Project» ЖШС) өз міндеттемелерін сақтамағаны хабарланған болатын. Сондықтан алматылықтар тарапынан көше жарығына қатысты шағымдар көбейген еді. Биыл қазан айында сот қала әкімдігінің талабын қанағаттандырды.

«Әрбір денешынықтыру- сауықтыру кешенінде бассейн болуы керек»

Ерболат Досаев денешынықтыру-сауықтыру кешендерін жобалау нормативтерін қайта қарауды тапсырды. Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында Алатау ауданының «Зерделі» ықшамауданындағы аумағы 3 мың шаршы метрден асатын жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын тексерді, спорт залды, секциялық сабақтарға арналған нысандарды көрді.

Спорт басқармасының басшысына жобада бассейндік жоқтығын көрсетіп, құрылысы жоспарланған барлық денешынықтыру-сауықтыру кешенінде бассейнге орын қарастыруды тапсырды. Жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенін аралаған Алматы қаласының әкімі нысанды мұндай жағдайда қабылдауға тыйым салды. Құрылыс басқармасы басшысына нысанды тиімсіз пайдаланбауға, ғимараттың орталықта болуына және оның қызметін келушілердің сабаққа қатысуына ыңғайлы болатындай қайта қарау керектігін айтты. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай жасауды жүктеді.

Денешынықтыру-сауықтыру кешені құрылысын «КАПСТРОЙГРУПП-Т» ЖШС мердігерлік ұйымы 2021 жылдың тамызында бастаған. Алайда, құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты жұмыс 2021 жылдың соңында тоқтатылып, быттыр жазда жобаға түзету енгізілген соң қайта жанданды. Бүгінде кешенді салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Қазір ғимарат инженерлік желілерге қосылған, аумақты абаттандыру жұмыстары жалғасып жатыр.

«Зерделі» ықшамауданында жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені алғаш рет салынып отыр. Кешенге күніне 400-ге дейін бала бара алады. Денешынықтыру-сауықтыру кешені ауданның спорт секциясына деген қажеттілігін ескере отырып жобаланған: «Зерделіде» балалар баскетбол, волейбол, дзюдо, таэквондо, бокс

және пауэрлифтингке қатыса алады. Сонымен қатар, қала әкімі «Қарасу» ықшамауданы тұрғындарымен де кездесті.

Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков қала басшысына тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндап, денсаулық сақтау және білім беру нысандарын салу жобасын ұсынды. Ерболат Досаев «Зерделі» ықшамауданындағы саябақ құрылысы аясында көгалдандыру мәселесіне ерекше назар аударуды және жасыл желектердің санын көбейтуді тапсырды.

Балабақша құрылысын сапасыз жүргізген компания жауапқа тартылады

Қала «Айнабұлақ-4» ықшамауданындағы балабақша құрылысының жобасын белгіленген стандарт пен талапқа сай жүргізбеген әрі сапасыз салған «AK Construction» ЖШС мердігер-компаниясын сотқа беретін болды. Бұл туралы Жетісу ауданын жұмыс сапары барысында аралаған Ерболат Досаев мәлімдеді. Жетісу ауданына қарасты бұл 160 орынды жаңа мемлекеттік балабақша сонау 1987 жылы салынып, 10 жыл бос тұрған, кейін сүрілген нысанның орнына салынууда. Құрылыс қала басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдың мамыр айында басталды.

Ерболат Досаев балабақшаны аралаған кезде Құрылыс басқармасы басшылығының назарын құрылыс-монтаж және әрлеу жұмыстарын жүргізудегі кемшіліктерге аударды: қабырғалар сапасыз сырланған, көшедегі ойын алаңы бүлдіршіндерге бейімделмеген және т.б.

Шаһар басшысы олқылықтары өте көп объектіні қабылдауға болмайтынын атап өтті. Басты назарда сапа болуға тиіс екенін қадап тұрып айтты. Ақауларды қысқа мерзімде жоюды, ал міндетін жауапсыз атқарған мердігер ұйымды сотқа беруді тапсырды. Өйткені, мердігер компания құрылыс жұмыстарын жүргізу мерзімдерін кешіктірген: олар бұл жұмысты 2023 жылдың мамыр айында аяқтауға тиіс еді.

Айта кетерлігі, ауданда халық санының өсуі байқалады. Мәселен, 2013 жылы Жетісу ауданының халқы 143 мың адам болса, 2023 жылы оның саны 196 мың адамға жеткен.

«Кемел» кемелденіп келеді

«Кемел» ықшамауданындағы жаңа инженерлік желілер 20 мыңнан астам абонентті тұрақты электрмен қамтамасыз етеді. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесіп, инженерлік коммуникациялардың дайындық деңгейін тексерді. Оларды реконструкциялау биыл желтоқсан айында аяқталуға тиіс. Тұрғындарды тұрақты электрмен

қамтамасыз ету – әкімдік жұмысының маңызды бағыты. Қаладағы желілерді жаңғыртуды «Кемел» ықшамауданында былтыр сәуірден бастап «ЕС Energy Qazaqstan» ЖШС мердігерлік ұйымы жүргізіп келеді.

Биыл 7 қыркүйекте халықпен кездесуде қала басшысына Әлқисса, Октябрьская, Перекрестная, Аксуат көшелерінің тұрғындары жүгінген мәселенің шешімі баяндалды. Бұл аумақтардағы үйлер электрмен жабдықтау желілерін жүргізу жобасына кірген жоқ. Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен аталған көшелерде тұратын 110 абонент коммуникацияға қосылатын болды.

«Кемел» ықшамауданындағы инженерлік желілерді қайта құру аясында 1200-ден астам темірбетон тіректері, 14 трансформаторлық қосалқы станцияның 10-ы орнатылды, 30 км-ден астам әуе және 8 км-ге жуық кабель желілері тартылды», деп хабарлады қала басшысына Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Малыбаев. Бұл жұмысты желтоқсан айында толық аяқтау жоспарланған. Инженерлік желілерді қайта жаңарту «Кемел» ықшамауданының 20 мыңнан астам тұрғынын жалпы қуаты 12 706,5 кВт электрмен жабдықтауға мүмкіндік береді.

Ерболат Досаев тиісті басқарма басшылығына коммуникация тарту мәселесін қатаң бақылауды және белгіленген мерзімге сәйкес инженерлік инфрақұрылымды пайдалануға беруді тапсырды. Инженерлік желілерді қайта құруды аяқтау – аудан тұрғындары үшін көп түйткілдің түпкілікті шешімі.

Қала әкімі жұмыс сапары барысында аумақтағы Мәдениет үйі мен кітапханаға да барды. Тұрғындар қала басшысына ықшамауданды жоспарлы түрде дамытқаны үшін алғыс айтып, жаңа Мәдениет үйінің жастардың ордасына айналғанын атап өтті. Ерболат Досаев, өз кезегінде, Мәдениет үйіне жақын маңнан саябақ салудың жоспарланғанын айтты.

Қолжетімді медицина: жүктеме азаяды

Мегаполис басшысы «Кемел» ықшамауданындағы отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның жаңа ғимаратының дайындығын да тексерді. Аудандағы жаңа отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның қызметін 8 мың тұрғын пайдалана алады. Жетісу ауданын аралау барысында «Кемел» ықшамауданындағы 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулаторияға барған қала басшысы пациенттерді қабылдауға арналған орындарды, процедуралық бөлмелерді және УДЗ кабинеттерін көрді.

Қала әкіміне қазіргі уақытта нысандағы барлық құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғандығы туралы баяндалды. Инженерлік коммуникацияларға қосылу бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін амбулатория жұмысын бастамақ. Жаңа отбасылық-дәрігерлік амбулатория «Кемел» ықшамауданының 8 мыңнан астам тұрғынын медициналық қызметпен қамтамасыз етеді. Қазір олар «Кемел» ықшамауданынан 3,5 шақырым жерде орналасқан «Көкжиек» ықшамауданында қаралып жүр. Ал №21 қалалық емханаға 42 600 тұрғын тіркелген. Жаңа амбулаторияның арқасында емдеу мекемесінде жүктеменің үштен бірі азаяды.

№21 емхананың бас дәрігері Ерлан Құдабаев емдеу мекемесінде көмек көрсетудің жеделдігі дәрежесін ескере отырып, пациенттерді санаттарға бөледі көздейтін триаж-жүйе енгізілгенін, цифрлық кезек, штат жоғары мамандандырылған дәрігерлермен жасақталғанын хабарлады. Бүгінде медицина қызметкерлерінің штаты қалыптасып, құрал-жабдық сатып алынды.

Ерболат Досаев пациенттерді қабылдауды бастау үшін жаңа амбулаторияны жабдықтау және коммуникацияларға қосу жұмыстарын тездетуді тапсырды. Биыл Алматыда 2 отбасылық-дәрігерлік амбулатория ашылды. Желтоқсанға дейін тағы 4 амбулаторияның құрылысын аяқтау жоспарланған.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ҰЛТ ҰСТАЗЫ



АХМЕТ ҮЙІ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Ұлт көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі мен еліміздегі білім ордалары тығыз байланыста. Әсіресе, Алматы қаласында орналасқан жоғары білім беру орындарының оқытушылары мен студенттері ғалымның ғұмырының соңғы жылдары тұрған тағылым үйіне жиі келіп тұрады. Сондай-ақ, университет ұстаздары мен студенттері Алаш ардақтысының үйіне ерікті түрде қолғабысын тигізіп, қол табын қалдыруды қалайды.

Осы ретте музей-үй айналасының желек жамылып, абаттана құлпыруына үлес қосқан ұжымдар бар. Жақында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Филология институтының директоры Алуа Таңжарықова, ғылыми істері жөніндегі орынбасары Алмас Найманбаев, кафедра меңгерушісі Нағима Ильясова, оқытушылардың профессорлық құрамы және институт жанындағы Ахмет Байтұрсынұлы орталығының жетекшісі Роза Бақбергенова қатарлы басшылар мен ұстаздар университеттің белсенді студенттерін бастап келіп, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің ауласына көптеген арша отырғызды.

Бұл игі іс-шара кезінде музей-үй жетекшісі Райхан Имаханбет пен музей-үй ғылыми қызметкері, тарихшы Светлана Смағұлова да бірге болды. «Бабаннан мал қалғанша, тал қалсын» деген тұжырымды сөзді санасына сақтаған Алаш рухты жетекшілер мен шәкірттердің белсенділігіне жан сүйінеді. Қаламыздың гүлденіп-көркеюіне тамшыдай болса да қосылған шынайы үлестің Ұлт ұстазы үйінің ауласында жүзеге асқаны да қуана құптарлық іс.

Әділет АХМЕТҰЛЫ,
Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің
бөлім меңгерушісі.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ҮЙДЕ ОТЫРЫП-АҚ, МУЗЕЙ АРАЛАҢЫЗ

Алматыда виртуалды 3D-турлар және аудиогидтер іске қосылды

Almaty Tourism Bureau қаланың басты көрікті жерлері бойынша тегін виртуалды 3D-тур әзірледі. Енді жоғары сапалы цифрлық көшірмелердің арқасында үйден шықпай-ақ туризм нысандарына баруға болады. Виртуалды тур Алматыны халықаралық деңгейде туристік дестинация ретінде танымал етуге бағытталған.



қоймай, сонымен қатар экскурсиялық-туристік көрсету нысандарымен көрнекі танысу шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді», – дейді Almaty Tourism Bureau басшысы Камила Лұқпанова.

Бүгінде төрт 3D туры құрылды. Оларды VisitAlmaty.kz сайтынан табуға болады. Қолжетімді турлардың ішінде Д.А.Қонаев мемориалдық пәтер-музейіне, қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық үй-музейіне виртуалды саяхат жасауға, сондай-ақ Абай ҚазҰОБТ-ға және Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрына баруға болады.

Виртуалды саяхатты бастау үшін тек бір қадам жасау жеткілікті – кіреберіс есікті басып, ғимараттың ішіне кіресіз. Тінтуір курсорын

жылжыту арқылы жан-жаққа қарап, әр бөлігін зерттей отырып, дәлздер арқылы алға жылжи аласыз. Әрбір орынның атмосферасына толық ену үшін үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді аудиогидті қосуға болады.

Биылғы қараша айында туристерге Алматының тағы 9 нысаны бойынша, оның ішінде ҚР Орталық мемлекеттік музейі, Республика сарайы, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі, Ықылас атындағы ұлттық музыкалық аспаптар музейі, Алматы метрополитені, Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры, Орталық мешіт, Алматы Вознесенск кафедралды соборы және Байкен мешіті бойынша виртуалды «серуендер» қолжетімді болады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Біз интерактивті экскурсия жасағымыз келді. Сондықтан компьютерлік тінтуірдің көмегімен сіз толық экскурсия жасай аласыз, көрерменге «қатысу әсерін» жасай отырып, ол жердің кез келген нүктесінде отырып, барынша толық ақпаратты ала алады. Мысалы, курсорды Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының сахнасына апарып, онда бұрын қандай қойылымдар өткенін көруге болады. Мұндай виртуалды турлар тек орындар туралы ақпараттандырып қана

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

21-22 қазанда, сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін Алматыда мегаполиске іргелес жатқан аудандардан 65 шаруа қожалығының қатысуымен кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеде 40-тан астам өнім (ет, сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, өсімдік және жануар майы

және т.б.) ұсынылады. Өнімнің жалпы көлемі – 200 тонна. Соның ішінде ет – 35 тонна, жеміс-көкөніс – 120 тонна, сүт – 15 тонна, балық – 5 тонна, өзгелері – 25 тонна.

Өтетін орны: Шевченко көшесіндегі «Шоқан Уәлиханов» алаңы (Қонаев көшесі мен Пушкин көшесінің аралығы).

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА БАҒЫТ

қала маңына қатынайды

20 қазаннан бастап 12 жылжымалы бірлік желісінде қала маңына қатынайтын «Төле би – Яссауи бұрылу алаңы – Қарғалы кенті» сызбасы бойынша жүретін №236 бағыт ашылады әрі көліктің қозғалыс интервалы 17 минут болады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Жолаушылар мен жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау Ережелеріне сәйкес қызмет көрсету «NEO city TRANS» ЖШС тасымалдаушыға берілді. Осы бағыт бойынша жолаушыларды тасымалдау ISUZU HC-40 маркалы автобустар жүргізетін болады.

Еске салсақ, Алматы агломерациясын дамыту аясында Алматының қалалық Мобильділік басқармасы 2023 жылы 25 елдімекенді қамтитын жаңа қала маңындағы бағыттарды ұйымдастыруды

жоспарлауда. Бұған дейін 3 бағыт іске қосылған, олар: №223 «Саяхат–Нұра және Туғанбай ауылдары», №233 «Қараой – Саяхат ауылы», №240 «Батыр ауылы – «Адем-1» СУ, Солтүстік айналма көшесі, қалған бағыттар әзірленуде.

Бұдан басқа, Алматы және Алматы агломерациясын дамыту жоспарына сәйкес 2024 жылдың соңына дейін 20 жаңа қала маңындағы бағыттарды ұйымдастыру жоспарлануда, олардың есебінен 50 елдімекен қамтамасыз етіледі.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ



Уақытша жаяу жүргінші өткелі сүрілді

Уақытша жерүсті жаяу жүргінші өткелі Құлжа трактісі бойымен «Аспан Сити» ТК маңына жолайық салу кезінде мердігер ұйымның қаржысы есебінен орнатылған болатын.

Бүгінде Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактісінің қиылысындағы жолайығы бойымен барлық бағытта көлік қозғалысы ашық. Сонымен қатар, бекітілген жобаға сай,

барлық жаяу жүргінші өткелдерін жайластыру жөнінде жұмыстар орындалды.

Құлжа трактісінің оңтүстік пен солтүстік бөліктерінде жаяу жүргінші қозғалысы №3, 4 сьездер арқылы эстакаданың астындағы «зебра» бойымен жүзеге асырылады. Жолайық шегінде жаяу жүргіншілер қозғалысы оң жақ сьездер бойындағы тротуарларда іске асып, қала тұрғындарының қауіпсіз қозғалысы жобасымен қамтамасыз етіледі. Сондықтан жобаға сай, уақытша жерүсті жаяу жүргінші өткелі сүрілді.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



ЖАҢА ТУЫНДЫ

«БҮРКІТ»

елді шексіз сүйеге, досқа адал болуға, азаматтық биік қасиеттерге үндейтін отандық экшн-фильм

Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы бөлімшелері туралы түсірілген отандық «Бүркіт» атты толықметражды көркем фильм үлкен экранға жуырда, яғни 2 қарашада шығады. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында белгілі болды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Онда фильмнің трейлерінің тұсаукесері және актерлік құрамның журналистермен кездесуі өтті. Айта кетейік, картина былтырғы күзде Алматы облысының көрікті жерлерінде, Есік көлінің тауларында және Іле өзені жағасында түсірілген. Оған Голливудтан монтаж режиссері, үздік қазақстандық дрим-каст актерлері тартылды. Фильм ҚР ІІМ-нің, Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық ұланның қолдауымен түсірілген.

Жобаның режиссері – «Шестой пост» және «Қазбат» әскери экшн-фильм жанрындағы табысты отандық картиналардың продюсері Данияр Ибрагимов, операторы – Азамат Дулатов. Ал бас продюсері және бас әскери кеңесші – отставкадағы полковник, «Айбын» орденінің иегері Камал Жақсылықов. Ол бұрын Алматыдағы «Бүркіт» командирі болған. Оның үстіне, бұл оның кеңесші ретінде қатысқан 17-ші фильмі, бұған дейін Ақан Сатаев-



тың «Ликвидатор», Хуат Ахметовтың «Сіз кімсіз, Ка Мырза?», сондай-ақ жоғарыда аталған Серікбол Өтепбергенов пен Асқар Ұзабаевтың «Шестой пост» фильмдеріне де өз ойын қосқан.

Продюсер атап өткендей, фильмнің түсіріліміне арнайы жа-

сақ, әскери техника және авиация, сондай-ақ Ұлттық ұланның 200-ден астам белсенді әскери қызметшісі қатысқан. «Бүркітке» өмірде болған шынайы оқиғалар, жедел-іздістіру іс-шаралары арқау болған. Кинокартина экшн көріністерге толы дейді мамандар.

«Фильмде тікұшақтан 3 метр биіктіктен парашютпен шынайы секіру барысы түсірілген. Бұл түсірілімде қиындықтар болды, өйткені басты үш кейіпкер бір мезетте секіруі керек. Операторлар бұл кадрды түсіру үшін өздері де парашютпен секірді. Біз бұл кадрды қатарынан алты күн түсірдік. Содан кейін ғана сәтті кадрларға қол жеткіздік», – дейді Камал Жақсылықов күрделі түсірілім барысы туралы ой бөліскенде.

Актерлар түсірілім алдында шабуыл, қалқан үштігі және басқа да жауынгерлік қимылдар үшін бірнеше апта бойы оқытылған. Бір қызығы, актер жігіттердің әскери тәжірибесі болмаса да, өте жақсы өнер көрсеткен.

Фильмнің басты мақсаты – кино кейіпкерлері арқылы ар-намыс, достық пен адамгершілік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, әскери ант пен қызметтік борышқа адалдық туралы көрсету, баяндау, жас ұрпаққа үлгі болу. Сонымен қатар, кинокартина авторлары көрерменге Ұлттық ұланның арнайы Күштері қызметінің призмасы арқылы Қазақстанның

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Санжар МӘДИ, киноактер:

ЖАСТАР ЖҮРЕГІНЕ
ЖОЛ ТАПСА ДЕЙМІЗ

Мен бұл фильмде «Феникс» деп аталатын арнайы жасақтың жасақшысы, қалқан үштігінің командирі рөлін сомдаймын. Сценарий бойынша менің інім бар және мен ол үшін үнемі алаңдап жүремін. Менің кейіпкерім – ерік-жігері мықты, мақсатына қол жеткізбей тынбайтын күшті кейіпкер. Өзімнің бұл рөлге қалай келіскенімді айта кетейін. Түсірілім алдында біз картинаның продюсері Камал Жақсылықовпен кездестік. Ол бұл фильмді жолдасынан айырылған жесірлер мен жетім қалған балалардың көретінін айтты. Осыны естігенді менің жүрегім бірден қозғалып кетті, мен үлкен жауапкершілікті сезіне тұрып, барлық оқиғаны мүмкіндігінше шынайы көрсеткім келді. Біз фильм барысында шынымен де сарбаздар өмірін көзбен көрдік, қазармада, базада тұрдық, олар жеген асты іштік, күнде олармен бірге жаттығып, бірнеше шақырымға жаяу жүздік, яғни олармен біте қайнасып кеттік. «Бүркіт» фильмі арқылы жастардың жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілік, досқа деген адалдық дәнін себе алсақ, мақсатымыздың орындалғаны.

арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің негізгі функциялары туралы жеткізуді көздеген.

Рөлдерді белгілі актерлер Санжар Мәди, Дәулет Нұразханов, Дәурен Серғазин және Асылхан Төлепов ойнайды. Арнайы жасақтармен бірге олар да күшті қажет ететін жаттығуларды орындап, тактикалық дайындықтан өткен.

«Бүркіт» арнайы жасағының командирі рөлін ойнаған актер Дәулет Нұразханов фильмдегі әрбір кейіпкердің арнайы жасақта шынайы қызмет еткен өзіндік прототиіп болғанын атап өтті. Әскерилердің мінезін түсініп, рөлге ену үшін ол шын өмірдегі арнайы жасақ қызметшілермен көп сөйлесіп, әңгімелесіп, қоян-қолтық араласып, зерттегенін де айтты. Бір сөзбен

айтқанда, актерлердің көпшілігі үшін бұл әскери кинокартинаға түсу жаналық болған. Олар барлық арнайы жасақшылар сияқты 10 шақырымды арнайы киімдер киіп жүгірген. Актерлер тіпті лаулап жанып тұрған оттың ішінен жүгіріп, су астындағы, дөң басындағы түсірілімдерге де қатысып, әскерилерге тән барлық нормативтерді шынайы орындаған.

Қысқаша айтқанда, «Бүркіт» – бұл арнайы жасақтарда қызмет ететін үш достың хикаясы. Олардың күнделікті міндеті – қауіпті қылмыстық топтарға қарсы тұру. Осындай қарама-қайшылықтарға қарамай, оларға бір-біріне деген адал көңілін сынаққа салу, достыққа көлеңке түсірмеу міндеті де тұрды.

БРИФИНГ

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ЖАНДАР

19 қазанда Алматы қаласының өрт сөндірушілері, құтқарушылары, ұшқыштары, дәрігерлері, кинологтары, психологтары өздерінің кәсіби мерекелерін атап өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматылық құтқарушылар жыл басынан бері қаланың 117 тұрғынының өмірін сақтап қалды. Сонымен қатар, Алматы қаласы ТЖ Департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің күшімен қауіпті аймақтардан 520 адам эвакуацияланып, 449 өрт ошағы сөндірілген.

Мегаполисте Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер туралы қала тұрғындарын құлақтандыруға ерекше назар аударылады. Мысалы, ТЖД қалалық курстарында табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ қаупі мен туындауы кезіндегі жүріс-тұрыс пен алғашқы медициналық көмек көрсету ережесіне 1263 адам оқытылды. Білім басқармасымен бірлесіп 270 мыңнан астам оқушыны қамтитын 124 интерактивті сабақ өткізілді. Ұйымдар 9364 жаттығу өткізді.

Апаттар медицинасы орталығы мен ҚР Қызыл Жарты Ай қоғамының мамандарын жұмылдыра отырып, 67 мың адам стационарлық түрде оқудан өтіп, 279 көшпелі сабақ өткізілді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақстандық құтқарушылар елімізбен бірге, шетелдерде де төтенше жағдайлардың алдын алу және жою барысында құзыреттілігі мен жеделдігін бірнеше рет дәлелдеді. Мысалы, отандық мамандар Түркия Республикасындағы жойқын жер сілкінісінен кейін зардап шеккендерге шұғыл көмек көр-

сетуге қатысты. Айта кетейік, биыл көктемде Алматы қаласы бойынша ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының дәрігері – филиал басшысы Жазылбай Қозыбахов қызметтік борышын өтеу кезінде жанқиярлық ерлік көрсетіп, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

«Түркияда жұмыс істеген кезде алматылық құтқарушылар үлкен тәжірибе алды, ол қажет болған жағдайда басқа елдерде қолданылады. Сол кезде түрік әріптестері Алматыда түрік құтқарушыларын оқытуды ұсынды, мамандарын жіберуге дайын еді. Бұл, әрине, барлығымыз үшін қиын жағдайда жедел жұмыс істеуге және қажет болған кезде уақытылы көмек көрсетуге ынталандыру. Мен өзім дәрігерлер отбасында өстім, сондықтан бұл іс менің өмірім», – дейді филиал басшысы – Алматы қаласы бойынша ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының дәрігері Жазылбай Қозыбахов.

Барлық табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның 80%-дан астамы өрт. Өрт сөндіруші мамандығы ең қауіпті мамандықтардың бірі. Солардың бірі – №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы Әділ Дәуренқұлов. Бір жыл бұрын ол мүмкіндігі шектеулі екі жасар баланы отқа оранған пәтерден алып шықты. Сонымен қатар, қазақстандық спортшы Ардақ Назаров өзінің Instagram парақшасына болған оқиға туралы жазып, құтқарушылардың іс-әрекеттеріне танданыс білдірді. Кейін баланы құтқару кезінде көрсеткен ерлігі мен кәсібилігі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ержүрек құтқарушыға «Ерлігі үшін» медалін табыстады.

Алматының авариялық-құтқару қызметінде барлығы 1,5 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Олар өз өмірлерін қатерге тіге отырып, өрт сөндіреді, табиғи апаттың салдарымен күресіп, түрлі жағдайда уақытпен санаспай адамдардың өміріне араша түседі.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

BANKSY
КӨРМЕСІ

Өтетін орны:
Lumiere-Hall
мультимедиялық музейі
(әл-Фараби даңғылы,
13, к2в).
Күні мен уақыты:
21-22 қазан, сағат 11.00.

«ЖҰМБАҚ
ҚЫЗ»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ
ұлттық опера және балет
театры (Кабанбай батыр
көшесі, 110).
Күні мен уақыты:
21-22 қазан, сағат 18.00.

«АҚСАҚ
ҚҰЛАН»

Өтетін орны:
Мемлекеттік
қуыршақ театры
(Пушкин көшесі, 63).
Күні мен уақыты:
22 қазан, сағат 10.00.





БОЯМАСЫЗ ӨМІР

Өмірде ешкіммен жарыспай-ақ озып жүретін адамдар болады. Менің Сымбат есімді құрбым бар. Бірде сол құрбыммен хабарласпақ болып ұялы телефонының нөмірін іздедім. Таппаған соң, үйіне хабарластым. Сөйтсем, әлгі замандасым қаланың қақ ортасында тұрса да, ұялы телефон ұстамайды екен...

Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды.

АБАЙ.



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Ұлттық дәстүрді, отбасы құндылықтарын ұлықтау – ата-ананың басты міндеті



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«МАҒАН БАЛАЛАРЫМНЫҢ ТАҒДЫРЫ ӘЛДЕҚАЙДА МАҢЫЗДЫ»

Кеше үйіне телефон шалып едім, тұтқаны өзі көтерді. Аmandық-саулық сұрасқан соң бірден:

– Оу, құрбым, әлем телефонның қызығына әлдеқашан енгенде, сенікі қызық екен? Мына заманда қалай телефонсыз жүрсің? – деп сұрадым.

– Телефон тұр ғой, бірақ пайдаланбаймын. Іздеген адам үйге хабарласады, – дейді саспай... – Табиғатым сол, телефонға онша құмар емеспін, интернет ақтарып отыру үшін уақыттың кетеді. Сенсен, жұмыста отырғанда ғаламторды да көп пайдалана бермеймін, – деп сауалыма қарай жауабын айтты да, әңгімесін әрі қарай жалғады:

– Өзің білесің, біз де ел секілді үйге кешкісін жиналамыз. Жұбайым жұмыстан келгенше үйде болуға тырысамын. Себебі, ер адам ғой, жұмыстан келгенде тамағы дайын тұрсын деймін. Аяқасты бір шаруалар шығып қалмаса, ол жұмыстан ешқашан кешіккен емес. Тура 19.30-да үйде болады. Сол уақытқа дейін асымды әзірлеп үлгеруім керек деймін де, жылдам кешкі астың қамына кірісемін. Әйтеуір үлгеремін. Оның арасында мектептен балаларым келеді. Барлығының басы қосылғанда үйіңнің іші у-шу болады да кетеді. Бірін-бірі тыңдамай, қызықтарын жарыса айтқан кездері, тіпті қызық. Соларға қарап сүйсінемін. Ал енді өзің айтшы, бұл бақытты сәттен көзді интернетке қалай тайдырасың! Барлығымыз күні бойы жұмыста жүреміз. Затымыз әйел болған соң, үйдің берекесі біздің қолымызда екені белгілі. Жұмыстан келгенде жұбайыңның қас-қабағына қарамасаң, балаларыңа көңіл бөлмесең, несіне өмір сүріп жүрмін?! Егер мен телефон шұқылап, елдің өмірін тамашалап отырсам, менің балаларыма кім жағдай жасайды? Олармен кім сөйлеседі, тәрбиені кім береді? Жо-жоқ, маған әлеу-

Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

меттік желідегі жылтыр суреттен гөрі өз балаларымның тағдыры әлдеқайда маңызды, – деп барып тоқтады құрбым.

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІН ДӘРІПТЕЙТІН ОТБАСЫ

Шынында да, сөзінің жаны бар. Сымбат өте бақытты әйел. Оның отбасында қазақтың салты мен дәстүрі салтанат құрған. Балаларының тәрбиесі қандай! Қайсыбір күні үйіне қонаққа барғанбыз. Үлкен қызы алдымыздан жүгіріп шығып амандасты да, «төрге шығыңыздар» деп ілтипат танытты. Кәдімгідей сүйсінеді екенсің. Олардағы тағы бір жақсы үрдіс – әкелері дастархан басына отырып бата жасамай, ешкім асқа қол созбайды. Және тамақтың соңынан ас қайырмай, орындарынан тұрмайды. Төртінде қазақтың қара домбырасы, оның бергі шетінде қамшы ілулі тұр. Өздері өнерден де құралақан емес. Дастархан басында отырғанда талай рет отбасымен ән салып берген. Ұлдары асық ойнауды үйреніп жүр екен. Баласынып жеті атасын сұрасаң, оны да жатқа айтады.

Құрбым айтпақшы, егер анасы телефон шұқыласа, мұның барлығын балалар қайдан, кімнен үйренер еді. Ақылдылығы да сол емес пе? «Мен телефонға қызықпаймын. Тіпті, ұстамаймын да. Қажет болсам, керек адамдар өздері тауып алады. Сондықтан Мұхаметжан Тазабек айтпақшы, әкесі ұлына өмір сүру ұлағатын айтып отырса, анасы қызына киімін, дүниесін таза ұстауды міндеттесе, ұрпақ жаман болмайды», – дейді ол сөз арасында.

Расында да, бұл телефон адамның уақытын ұрлағанымен қоймай, өзіне тәуелді етіп қояды. Отбасындағы жақын адамдарыңды жат қылады. Бүгінде жұмыстан шаршап келген әкенің диванда жатып сағаттап телефонға қарауы, анасының асүйде жүріп, әлеуметтік желіден көз алмауы, ба-

ласының бір бұрышқа отырып алып телефон шұқылауы қалыпты жағдайға айналған. Тіпті, кейбір әкелер баласының қай сыныпта оқитынын сұрағанда, күбіжіктеп, жауап бере алмай жатқанына өзін талай куә болғанмын. Әлбетте, мұның барлығы әлгі құрғыр телефонның кінәсі деп құтыла салуға болады. Бірақ ешкім сізді мәжбүрлеп телефон қаратпайды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесінде әкенің де, ананың да рөлі маңызды. Егер бала санасына салт-дәстүрімізді ертерек сіңірмесек, бұғанасы қатқан шақта бұл тәрбие бойына дари қоюы екіталай. Сондықтан ұлттық дәстүрді ұлықтап, отбасы құндылықтарын дәріптеп отыру ата-ананың басты міндеті.

БІР ШАҢЫРАҚТА ЖАТ АДАМДАРША ӨМІР СҮРУ – ҚАСІРЕТ

Жасыратыны жоқ, бүгінде көпшілігіміз күйбең тірлікпен жүріп күн батырғанымызға мәзбіз. Әйтпесе, дастархан басында ата-ана балаларымен шүйіркелесіп отырып шай ішетін, бос уақытында бірге отырып кітап оқитын, тәлімі мен тәрбиесі терең әңгімелермен ұрпағын сусындатып отыратын сәттер қайда? Ондай балалар есейгенде елін құрметтейтін, Отанын сүйетін нағыз азамат болатынын білсек те, телефонды шұқылауымызды қояр емеспіз.

Ойды ой қуады ғой, бірде сәті келіп, тағы бір танысымызның үйіне бардым. Дәл астың үстінен түсіппін. «Кел, кел, шай іш» деген соң, астан ауыз тиюге дастархан басына отырдым. Отырғанымыз қайтейін, өзімді сондай ыңғайсыз сезіндім. Әкесі мен балаларының қолында бір-бір телефон. Бір қарасаң, барлығы бір үйдің мүшелері. Бірақ бір-біріне жат адам секілді. Ешкім бір-бірімен сөйлеспейді, бір-біріне тіпті қарамайды да. Әркім өз әлемімен үнсіз отыр. Асын ішіп біткені, орындарынан үндемей тұрып кетіп жатыр. Тіпті, әкесі де қолына телефонын ұстаған күйі арғы бөлмеге кетті. Дастархан басында көршім екеуіміз ғана қалдық. Оның да қасында телефон тұр. Бірақ мен отырған соң ұялған шығар, қарамады. Онысына рахмет

дедім іштей. Бір отбасының жақын әрі бөтен болып өмір сүруі қандай қасірет. Бұл көрініс қазіргі қазақ отбасыларының 80–90 пайызында кездесетіні өтірік емес.

НОМОФОБИЯ – ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК ДЕРТІ

Сіз білесіз бе, ғалымдардың зерттеуі бойынша адамдардың 53 пайызы телефонын жоғалтып немесе сол байланыс құралының қуаты бітіп қалса, қатты күйзеліске түседі екен. Ал телефонын жоғалтып немесе байланысыз қалудан қорқатын адамдарға психологтар номофобия деп ғылыми термин ойлап тауыпты. Сонда мұның бәрі нені көрсетеді дейсіз ғой? Әрине, бұл біздің телефонға тәуелділігіміздің биік көрсеткішін айқындап тұр. Жалпы, телефон байланысу үшін таптырмас құрал шығар, бірақ тәрбие үшін жақсы дүние емес. Арзан ойын-күлкі, түкке тұрғысыз қылжақ әңгіме, бос сөз. Біреудің өміріне қарап қызығу кімге керек?

ОЙ-ТҮЙІН

Бір қарағанда, Сымбатқа қызығуға болады. Өзгелерге ұқсап, қит етсе телефонға шұқшимады. Ол көп телефон қарамаған соң, жөнсіз көзім қарауытты, басым ауырды, шаршадым демейді. Ұмытпақпын деп ешқашан шағымданбайды. Түнімен телефон қарамайды, уақытында жатады, уақытында тұрады. Жөнсіз жұмыстан кешігіп, ұйықтап қалдым деген сылтау ешқашан айтпаған. Қысқасы, сотқадағы болмашы нәрсені әңгіменің өзгеніне айналдырып уақытын бос өткізбейді. Сол себепті, жұмысын тиянақты әрі уақытында бітіреді. Сағат кешкі 18.00-де жұмысынан қайтады. Ең бастысы, бос уақытының бәрін отбасына арнайды...

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«ОПТИМИСТИК ТРАГЕДИЯ»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38).
Күні мен уақыты: 22 қазан, сағат 18.00.



«СЫҒАН СЕРЕНАДАСЫ»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры (Абай даңғылы, 103).
Күні мен уақыты: 22 қазан, сағат 18.30.



ALDAR KÓSE

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры (Абай даңғылы, 117).
Күні мен уақыты: 22 қазан, сағат 11.00.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



ТУРИЗМ

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАҢЫЗ!

Алматы тауларында туристік ақпараттық тақтайшалар орнатылды

Іле Алатауы ұлттық саябағына барған туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және саяхаттаушыларға жол сілтеу үшін үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жаңа ақпараттық тақтайшалар орнатылды.

Ұлттық саябақтың 10 тау бағыттарында ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Бұл – тау инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудару белгісі, туристік тәжірибені жақсарту нышаны. Орнатылған тақтайшалар туристерді бір мезгілде хабардар етеді әрі экологиялық жауапкершілікке шақырады.

«Ұлттық саябақта тау әуесқойларына табиғи байлыққа ұқыпты қарау туралы еске салып тұратын мынадай жазбалар бар: «Табиғатты қорғаңыз және үйге жағымды әсерлермен оралыңыз!» «Make earth green to keep it clean!», «Өзіңізден кейін тазалықты сақтағаныңыз үшін рахмет!», «Our climate is changing; why aren't we?», – деді Almaty Tourism Bureau басшысы Камила Лұқпанова.

Ақпараттық тақтайшалар – шағылыстырғыш жабынмен қапталған металл тақтайшалардан тұрады. Бутаковка шатқалында, Кімасар шатқалында, «Горельник» кемпинг аймағында, Кіші Алматы шатқалында (Медеу), Кіші Алматы шатқалында (Ақбұлақ), «Қайың тоғайы» кемпинг аймағында, Үлкен Алматы шатқалында (ГЭС-2), Проходное шатқалында, Казачка шатқалында, «Казачка» кемпинг аймағы бағыттарында орнатылған тақтайшалар вандализмге төзімді сенімді қондырғымен жабдықталған.

Сондай-ақ, бұл орындарда бағыттың ұзақтығы мен өту уақыты туралы көрсеткіштер орнатылған. Almaty Tourism Bureau таулы жорықтар кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауды еске салып, демалушылардан табиғатқа ұқыпты қарауды, тауда коқыс қалдырмауды сұрайды. Шың мәнінде, тазалықтың сақталуы туристердің өздеріне тікелей байланысты.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

маңызды құжатқа шолу жасалды

Республика күні қарсаңында Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы және Педагогикалық Ғылымдар академиясының ұйымдастыруымен 19 қазан күні Достық үйінде «Егемендік декларациясы – тәуелсіздік бастауы» тақырыбында ғылыми-практикалық конференциясы өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараға XII шақырылған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттары, зиялы қауым, ғылыми және шығармашылық саласының қайраткерлері мен Алматы қаласы мәслихаты депутаттары, сондай-ақ, Алматыдағы ЖОО және колледждердің профессор-оқытушылар қауымы, магистранттар мен докторанттар, БАҚ құралдары өкілдері қатысты. Іс-шара аясында ҚР Президенті архиві ұйымдастыруымен тақырыптық көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты – тәуелсіздіктің бастауы болған құжаттың маңыздылығын айшықтап, егемендікті нығайтып, елді одан әрі дамытуға бағыттау іс-шараның халықтың әлауқатын арттыруға және саяси трансформацияны іске асыруда маңызы зор.

Конференцияда тарихи күннің басы-қасында болып, құнды құжаттың қабылдануына атсалысқан Жоғарғы Кеңес Төралқасының мүшесі, комитет төрағасы, XII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Оразалы Сәбден Тәуелсіздік алған уақыттағы сәттерін ерекше тебіреніспен еске алды.

– Қазақ КСР Жоғары Кеңесте егемендік туралы Декла-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

рация қабылдаған сәт әлі есімізде. Тәуелсіздік алған кездегі ішкі толқынысымыз көзімізден жас болып шықты. Себебі, бұл ата-бабаларымыз аңсаған, армандаған егемендік болатын. Біздің бабаларымыз қарудың күшімен елді қорғаса, біз білімнің күшімен егемендікке ұмтылдық. Бұл күн қазақ елінің азаттық күні, бұдан артық күн жоқ, – деді ҚР ҰҒА академигі.

Өз кезегінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Георгий Кан маңызды құжатты жазған азаматтарды құрметтеп, есте сақтауымыз керек екенін тілге тиек етті:

– Біріншіден, Декларациядан кейін заң қабылданады. Елдің тұтастығы пайда болады. Ал екіншіден, кез келген адам Республика күнін ерекше қабылдайды. Біз осы декларацияны жазған адамдарды құрметтеп есімізде сақтауымыз керек. Себебі, осы XII Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне шақырылған депутаттар Егемендікке қол жеткізу үшін талай маңдай терін төкті, – деді.

Ел тәуелсіздігінің бастауы болған Егемендік туралы Декларацияның маңызын айшықтап, мәнін түсіндірген конференция жастардың елін, жерін сүйеге, егемендіктің қадірін түсінуіне ерекше әсер етті.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ БАҒДАРЫ

Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді

«Әділетті Қазақстанның» негізгі тұжырымдамасы – ұлттық байлық әділ бөлінуі тиіс. Заң алдында барлығы бірдей және Конституцияның үстемдігі қамтамасыз етіледі. Әрбір азаматтың тең мүмкіндіктері бар, экономика әркімнің және барлық жерде әл-ауқаты үшін жағдай жасайды. Кәсіби және жинақы мемлекеттік аппарат өз халқына қызмет етеді. Сондай-ақ, ұлттық мүдделер халықаралық аренада қорғалады, қауіпсіздік және басқа да маңызды аспектілер қамтамасыз етіледі.



Ел Президенті Қ.Тоқаевтың бастамасымен қолға алынып отырған Әділетті Қазақстан жобасының халыққа берері мол, маңызы зор. Соңғы жылдарда халықтың әлауқатын көтеруге бағытталған бағдарламалар: жағдайы жоқ отбасыларға

берілетін қаржы көлемінің артуы, зейнеткерлердің зейнетақысын ұлғайту, карантин кезеңдерінде халыққа төленген қаржылай көмек, аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы отбасыларға бір реттік кредиттік амнистия, студенттердің шәкіртақысын арттыру, ұстаздардың айлығын көбейту секілді игі іс-шаралар атқарылып келеді.

2024 жылдан бастап 18-ге толмаған әрбір қазақстандыққа дербес шот ашылып, оның қорына қаржылай көмек аудару жоспарланып отыр. Одан басқа да Үкіметтің қайта жасақталуы, халықтың мүддесін ойлайтын басшылардың келуі, жаңа депутаттардың жасақталуы, халықаралық қарым-қатынастарды оң бағытта реттеу, елде бейбітшілік пен татулықты сақтау мақсатында халықаралық кездесулер, келіссөздер жүргізу сияқты Мемлекет басшысының тарапынан жүзеге асырылып жатқан істер аз емес.

Елдегі экономикалық жағдайдың артуы

мен ел болашағы тек қана басшылықтың құзыретіндегі мәселе емес, халықтың бірлігі мен ынтымағын сақтау – әрбір азаматтың борышы.

Мемлекет тарапынан беріліп жатқан білім гранттары мен басқа қаржылай гранттар ел болашағына жасалған инвестиция, елдің жарқын болашағының кепілі. Міне, осы аталмыш іс-шаралардың жолға қойылуы – Әділетті Қазақстанды құрудың басты қадамдарының бірі.

Осындай игі іс-шаралармен қатар, халықтың рухани даму мен ішкі және сыртқы мәдениетке назар аударуы, білімділікке ұмтылуы елдің әл-ауқатын арттыратын болады. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді

Еліміздің әлеуетінің көтеріліп, халықтың жағдайының артуы болашақ үшін маңызды рөл атқарады. Әділетті Қазақстанның көркеюіне өз үлесімізді қосу – саналы ұрпақтардың міндеті. Әділетті қоғамның парасатты ұрпақтарының жарқын болашағына шынайы сенеміз. Еліміз көркейе берсін, алар асуларымыз көп болсын!

Еңлік ҚАСАБЕКОВА,
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану орталығының аға ғылыми қызметкері.

Еліміздегі басты ұлттық мереке – Республика күні қайта жаңғыруының рәміздік мәні әділеттілік ұстанымына үндес. 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан маңызды құжат болатын.

ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІК



ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар әділеттілік ұстанымына сай анықталды. Еліміздің жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. «Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам», – деген Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «республика» сөзі латын тілінен аударғанда, «ортқак іс» деген мағына беретінін атап өтіп, республика өз ісіне жауапты азаматтардың ортақ іс-әрекетінің арқасында құрылатынына тоқталды.

«Әділетті Қазақстанда экономикалық саясат азаматтардың өз қарым-қабілетін іске асыруға, отандастарымыздың тұрмыс сапасының ұдайы жақсаруына мол мүмкіндіктер мен тең жағдай жасауға бағытталады. Сондай-ақ, сот жүйесі мен құқық қорғау саласындағы реформалар жалғасады, заң мен тәртіп азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырудың негізгі факторына айналады. Адамдар – біздің басты байлығымыз, экономикалық және қоғамдық дамудың басты қозғаушы күші. Сондықтан біз адам әлеуетін арттыруға бағытталған стратегиялық инвестицияны ұлғайтамыз, жастарымыз бен әлеуметтік әлсіз санаттағы азаматтарымызды жан-жақты қолдай-мыз», – деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саяси реформалардың басты қағидасын әділеттілік деп анықтады.

Тәуелсіздіктің таңы атқан тарихи тағдырлы

сәтте де әділеттілік қағидаты «Егемендік декларациясының» басты ұстанымы болғандығы сол кезеңдегі депутаттардың Қазақ КСР Жоғарғы Советінің екінші сессиясындағы қызу талқысынан көрініс тапқан. Ұлт мүддесін көздеген мемлекетшіл тұлғалар маңызды құжаттың қабылдануы үшін және әділеттілік қағидатына сай құрылуы үшін биік мінберлерде сөз сөйлеп, тер төкті. Қарсылықтар мен бұрмалаушылықтарға төтеп беріп, Тәуелсіздіктің алғашқы іргетасын қалап берді. Сондықтан да бұл маңызды датаның ел жадындағы мәні зор. Мерекені атап өтумен қатар, оның рәміздік мәні мен мазмұнын ашып, Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына күш жұмсау маңызды.

Осы егемендіктің өзекті қағидаты, әділеттілік ұстанымының басты құндылығы Абайдың рухына мұраларында таңбаланғанын аңғарамыз. Абай үшін әділет – қайрат пен ақылды жүрекке билетіп әрекет жасағанда қол жеткізерлік нәтиже. Демек, әділет – Халықтың жолын ниет қылған, жүрегіне Халқа деген махаббатты орнықтырған. Оның махаббатпен жаратқан халқын сүйген нағыз ердің мұрат қылған асыл қасиеті. Әділет нағыз ерге – «толық адамға» тән қасиет ретінде адам бойында қайрат, ақыл және жүректің үйлесімді қызметі арқылы рәуіштенбек. Ақыл мен қайрат және жүрек үштігін үнемі бірі-бірімен ұштастықта, үйлесімде тарқатып айту Абайдың бүкіл этикалық-дидактикалық ғибатынан көрініс береді.

Басты ұлттық идеямыз – еліміздің егемендігін сақтап, нығайту болғандықтан, егемендіктің ең алғашқы құқықтық-заңнамалық негізін қалаған және бүгінгі саяси дамуымыздың өзегін құраған құжаттың уақыт өткен сайын өзектілігі арта түсуі, сондай-ақ осы тарихи датаның ұлттық мереке ретінде анықталуы – тарихи әділеттілікке сай заңды құбылыс.

Аманжол МЕЙІРМАНОВ,
ФСДИ Философия орталығының аға ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі.



ШЕШІМ

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің
2023 жылғы 19 қазандағы №03 шешімі

Алматы қаласының Әділет Департаментінде
2023 жылы 19 қазанда №1742 болып тіркелді

«Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2020 жылғы 3 наурыздағы №1 «Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы»

Әуезов ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2020 жылғы 3 наурыздағы «Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1610 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің Әуезов ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Әуезов ауданы әкімі аппаратына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуезов ауданының әкімі

А.ЕГЕМБЕРДИЕВ

КЕЛІСІЛДІ:

Алматы қаласы Аумақтық сайлау комиссиясы

Шешіміне қосымша Алматы қаласы
Әуезов ауданы әкімінің
2020 жылғы 3 наурыздағы
№1 шешіміне қосымша

Алматы қаласы Әуезов ауданының сайлау учаскелерінің шекаралары

№123 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сүлейменов көшесі, 16 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№72 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақтөбе көшесі: 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12А, 13, 14, 14А, 15, 16, 17, 17А, 18, 19, 20А, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35/1, 41 үйлер; Ақтөбе тұйық көшесі 1/2, 3, 5, 21 үйлер; Алданская көшесі: 1А, 2А, 3, 3А, 4, 5, 5А, 6, 7, 13, 17, 19А, 21 үйлер; Вишневский тұйық көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48 үйлер; Карская көшесі: 1, 5 үйлер; Навои көшесі: 3, 4, 6, 8, 10, 10/1, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 24, 30, 32, 36, 37, 55, 58, 59Б, 60, 61А, 62, 66, 68, 68/1, 68/2, 70, 72, 74, 76 үйлер; Түнтібает көшесі, 4 үй; Чернов көшесі: 1, 2, 3, 5, 5А, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 13 көшесі, 1, 14, 15, 17А, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 25А, 25Б, 28, 31, 32, 34, 34А, 35, 36, 37, 38, 40 үйлер.

№124 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сүлейменов көшесі, 16 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№72 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Алданская көшесі: 31 үй; 2-ші Вишневский көшесі: 44 үй; Жандосов көшесі: 112, 120, 122, 128, 130, 132 үйлер; Карская көшесі: 9, 9А, 13, 18 үйлер; «Таугүл-1» шағынауданы: 25, 32, 33, 33-Б, 34, 76, 82, 83, 84, 85, 89, 90, 91, 92 үйлер; Навои көшесі, 7 үй; Симферопольская көшесі: 3, 4А, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 18, 22, 24, 26, 28 үйлер; Сүлейменов көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 18/18, 20/15А, 24 үйлер; Талдықорған көшесі: 11, 15, 19, 21, 23, 25 үйлер; Түнтібает көшесі: 5, 9, 10, 11, 12, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 24 үйлер.

№125 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Черепанов көшесі, 14 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Ахмет Байтұрсын атындағы №139 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Карпинский көшесі: 1/17, 3, 5, 7, 47/10 үйлер; «Таугүл-2» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 4А, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 14, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 36, 37, 38 үйлер; Рысқұлбеков көшесі: 5, 13, 15, 17, 19, 19/44 үйлер; Семятова көшесі: 18, 20, 22, 24, 26, 28 үйлер; Сүлейменов көшесі: 28, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 40А, 40В, 40/1, 40/2, 40/3, 42, 44, 46, 52 үйлер; Токтабаев көшесі: 20 үй; Түргенев көшесі: 15/10, 17, 19, 21, 23, 24, 25, 27/9, 28/7 үйлер; Черепанов көшесі: 10/15, 14/15, 15/10 үйлер.

№126 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл» шағынауданы, 34 үй, «Нағхоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жатақханасының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Губкин көшесі: 13, 13/3, 14, 14/35, 15, 16/48 үйлер; Карпинский көшесі: 9, 11, 12, 13/29, 15, 16, 17, 18 үйлер; Ладьгин көшесі: 11, 12, 12/3, 13, 14/23, 16, 26, 28, 30 үйлер; «Таугүл» шағынауданы: 23, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34 үйлер; Рысқұлбеков көшесі: 23/49А, 25/37, 27/50 үйлер; Смирнов көшесі: 11, 11/7, 12/19, 13, 14 үйлер; Сүлейменов көшесі: 31/22, 33, 35, 39/10, 41, 43/20, 49, 51 үйлер; Токтабаев көшесі: 24, 26/15, 28, 30, 31/22 үйлер; Черепанов көшесі: 10, 19/25, 21, 22/27, 23, 24, 26, 31, 33, 34/15, 35, 37 үйлер; Шепкин көшесі: 7/48, 9, 11, 13, 15, 15А, 15Б, 33, 44, 46/7 үйлер.

№127 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл» шағынауданы, Вильнюсская көшесі, 29 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов көшесі: 134, 136, 138, 140, 140/1, 140/2, 142, 144/1, 144/2, 146, 148, 150, 150А, 158 үйлер; «Таугүл» шағынауданы: 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 үйлер.

№128 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Рысқұлбеков көшесі, 39-А үй, «Экономика және басқарудың инновациялық академияның» ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ладьгин көшесі: 11/21, 31, 32, 34 үйлер; Пятницкий көшесі: 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 71, 72, 74, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 98А, 100 үйлер; Рысқұлбеков көшесі: 35, 37, 39, 39А үйлер; Шепкин көшесі: 71, 71А үйлер.

№129 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл-3» шағынауданы, Шеймерденов көшесі, 21 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№175 Жаңа Ғасыр мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Таугүл-3» шағынауданының Әбіров көшесі: 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16/24, 17 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Байжанбаев көшесі: 7, 7А, 8, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Бекет ата көшесі: 16/9, 17, 17А, 17/18 корпус 1, 18, 18А, 19, 20, 23/19, 23А, 24, 26, 27/52, 28, 29, 34, 35, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 55, 56, 57, 59, 60, 61/1, 64, 65, 66, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 75 корпус 1, 76, 78/22, 80, 82, 84, 86, 88, 90 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Бірімжанов көшесі: 2, 2Б, 4, 5, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 55/7 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Дүйсенов көшесі: 1, 2А, 4, 5/42, 6/43, 7, 8, 9/42, 9, 10, 11, 15, 16, 17, 19, 25/1, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33/1, 34, 35, 36, 38, 39/10, 40/20, 41, 41А, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 50А, 51, 52, 53, 54, 56, 57А, 57/13, 58, 60, 61, 62, 64, 65, 67, 68/15, 69, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Дүйсенов көшесі: 2, 5/11 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Жантөрин көшесі: 4, 8/20, 34, 35/12, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 47, 48, 49, 50, 51, 55, 58, 60 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Ерғалиева көшесі: 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 25/1, 26, 28, 29, 31, 33 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Қанахин көшесі: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Қорменов көшесі: 1, 1Б, 1/1, 4/21, 8, 34, 36, 38, 40, 42, 42Б үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Қыстауов көшесі: 2, 3/28, 4, 6/29, 7/18, 8, 9, 14, 15, 16,

17, 17/10, 18, 19, 22/1, 24, 26, 27/5, 28, 120 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Машанов көшесі: 5, 7 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданы: 186, 190, 193А, 195, 231, 261, 300А, 303, 314Б, 337, 345, 346, 376А, 380, 382, 382А, 387, 399, 401, 411, 414, 424, 440, 459, 467А, 472, 480, 493, 496, 512, 527, 528, 529, 535, 537, 542, 545, 563, 597А, 612, 634/2, 664, 667/7, 674А, 675, 680, 725, 726, 730, 736/7, 783, 784/7, 787, 793, 799, 805, 808, 809, 817, 819, 826, 828, 829А, 831, 833А, 987 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Мусин көшесі: 1, 3, 3А, 7, 9, 11, 13, 16, 18, 19, 20, 22, 24 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Нұрмаханов көшесі: 23/47, 25, 29, 30, 31, 31/1, 32, 36, 38 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Пірімбетов көшесі: 2, 3, 4, 6, 8, 11, 12, 13, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 46, 47, 48, 49, 50, 53, 55/7, 58, 59, 61, 62, 63, 64, 65, 67 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Саттарханов көшесі: 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9/15, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 17/10, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 32, 33, 35, 36, 37, 40, 41, 42, 46/11, 49, 50, 51А, 51, 53, 55, 56, 57, 58 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сейітжанов көшесі: 5, 7 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сүлейменов көшесі: 1, 1Б, 2Б, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 11, 14, 17, 19, 21 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сұлтан Бейбарыс көшесі: 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20 корпус 1, 21, 22/29, 23, 24, 25, 27, 30, 31/33, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 41, 43, 44/9, 45/28, 46, 47, 48/9, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 90 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сүртібаев көшесі: 5, 11, 12, 13, 14, 14/1, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 25 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Тілебайұлы көшесі: 3/45, 18 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Токтаров көшесі: 3, 4, 5, 6, 9, 13, 14/6, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 25, 25А, 26, 27, 28, 29, 29/1, 30, 32, 37, 41/6 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Тұрдықұлова көшесі: 3, 5, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 14А, 15, 18, 19, 20, 21, 22, 27 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Шойкевич көшесі: 2, 8, 10, 20А, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38, 40/31, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54/26, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 82, 88, 90, 92, 94, 96, 100 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданы Шеймерденов көшесі: 3/8, 4, 5, 6/9, 7, 10/1, 11, 12, 13/31, 13, 15, 15А, 16, 17, 17/1, 18, 19, 20, 21, 22/30, 25/40, 27, 29, 31, 31/1, 33/2, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 47, 48, 59, 61, 63 үйлер.

№130 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Черепанов көшесі, 14 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Ахмет Байтұрсын атындағы №139 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Таугүл-1» шағынауданы: 57, 58, 59, 60, 68, 70, 72, 75 үйлер; Сүлейменов көшесі: 19, 21, 23, 24А, 24Б, 25, 26А үйлер; Пятницкий көшесі: 6, 6/1, 6/2 үйлер; Токтабаев көшесі: 7А үй.

№131 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл» шағынауданы, Вильнюсская көшесі, 29 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов көшесі: 150/1, 150/2, 150/3, 162, «Таугүл» шағынауданы: 19/11, 20, 20А, 20Б, 21, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53 үйлер.

№132 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 65 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов көшесі: 162А, 164, 166, 168, 170, 172, 172Б, 172Г, 174, 174А, 174Г, 176, 176А, 178, 180, 182, 182А үйлер; Пятницкий көшесі: 73, 75, 77А, 81/2, 83 үйлер; Шепкин көшесі: 1А үй.

№133 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Черепанов көшесі, 14 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Ахмет Байтұрсын атындағы №139 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақтобинская көшесі: 42, 44, 46, 48, 50, 73, 74, 75, 75А, 75В, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89 үйлер; 2-ші Вишневский көшесі: 1/2, 1/3, 1/35, 3 үйлер; «Таугүл-1» шағынауданы: 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 52Б үйлер; Навои көшесі: 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 108, 110, 112, 114, 116, 116А, 118, 118А, 120, 120А, 122, 122А, 124, 124А, 126, 126А, 128, 128А, 130, 130А, 130Б, 132, 136, 138, 140, 140А үйлер; Токтабаев көшесі: 7, 9, 11, 13 үйлер; Чернов көшесі: 42А, 43, 62, 67, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 86, 87, 88, 89, 91, 92, 92А, 94, 95, 96, 97, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 112А, 114, 114А, 116, 118, 118А, 120, 122, 122А үйлер.

№134 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл-3» шағынауданы, Шеймерденов көшесі, 21 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№175 Жаңа Ғасыр мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Таугүл-3» шағынауданының Әбдіраманов көшесі: 1/14, 3, 5, 7, 8, 9, 10 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Әділов көшесі: 2, 3, 6, 7А, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 19, 21, 29, 31, 33 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Ахметов көшесі: 1, 2А, 2, 2Б, 3, 4, 5А, 8, 9, 10, 11, 12, 12А, 13, 15, 16/1, 19, 19А, 21, 22, 24, 26 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Бейсембаев көшесі: 1, 3, 5, 9, 11, 17, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Бекет ата көшесі: 6, 10/18, 12/17, 14, 16/17, 19/11 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Бутин көшесі: 1, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 19/11, 21, 23, 24, 26, 28, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 47, 49, 50, 52, 56, 58, 113 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Дауылбаев көшесі: 1А, 1, 2, 3, 4, 5, 7, 10, 11, 12, 13, 15, 15/1, 17/7, 19, 20/9, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 30, 34, 36, 39, 42, 46, 48, 56, 79, 94 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Жантөрин көшесі: 2, 2/1, 3, 5, 7, 9, 11, 12, 22, 24, 26, 28, 29/39 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Исаев көшесі: 1, 2, 2А, 4А, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26/67, 27 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданы: 3, 6А, 10А, 11, 11А, 11Б, 12/2, 13, 16, 18, 20/35А, 37, 38, 41, 43, 47, 48, 58, 59, 60А, 64, 66А, 66Б, 68, 69, 72, 79

(Басы 9-бетте)

№166 сайлау учаскесі
